

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 850 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 502 қаулысы

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына және "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдардың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1431 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 850 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 25, 267-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың үшінші абзацындағы "М. Айқымбаев атындағы карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі